

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасының
«Айгөлек» кіші тобының тәрбиешісі
Әкімгерейқызы Венера 2022 – 2023жылдың жұмыстарының есебі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (№499) қыркүйек айының перспективалық жоспары және де Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарла-масы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) қазан айынан бастап,оқу жылының мамыр айына дейінгі перспективалық жоспары құрылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына да сүйене отырып жүзеге асырдым. «Айгөлек» кіші тобындағы барлығы 20 бала, оның :12 қыз, 8 ұл баламен үлгілік оқу бағдарламасы бойыншатоптағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынды, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылды, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастырылды; балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып , оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін орындадым, сонымен қатар балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулыдым, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін ата-аналармен де ынтымақтаса отырып жылдық жұмыс жоспарында белгіленген жұмыстарды атқардым.

Әр аптаның дүйсенбісінде әнұран айтылып, қалған күндері таңертеңгілік жаттығуларды әр түрлі спорттық құралдармен өткіземін. Үлестірмелі материалдарды бала санына қарай толықтырып жасадым. Қыркүйек айында Отбасы мен Балабақшаның бірлігі атты ата –аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-ана мүшесі болып Алдабергенова Ильдана сайланды.

Қазан айында «Алтын күз» ертеңгілігі өткізілді, мереке өте көңілді жоғары деңгейде өтті. Балалар би билеп, ән айтты. «Күз сыйы» атты ата-аналар арасында әр түрлі табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік тұғыры биікте» атты шағын іс – шара өткізілді. Жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жылды қарсы аламыз» атты ертеңгілігі өтті. Балалар кейіпкерлермен бірге ән айтып, би билеп, ойындар ойнады. Ақпан айында топ арасында ата – аналармен бірге бөбекжай ауласында «Қарлы қалашық» атты қардан әр түрлі бейнелер жасалынды. Наурыз айында 8 – наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігі өткіздік. «Құрақ көрпелер» атты ата-аналармен көрме ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған мерекелік кештерде әр түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдадым.

Жалпы балалардың жалпы жеке даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдерін, геометриялық пішіндерді дұрыс ажыратып айтуды үйренді. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап тәрбиешінің қимылын орындай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталайды. Түзету жұмыстарын қажет ететін балаларға жеке жұмыстар жүргізілді. Балалардың сөздік қорларын жетілдіру жұмыстарын әлі де үнемі жүргізіп отыру қажет.

Сонымен қатар онлайн байқауларға тәрбиеленушілеріммен бірге қатысып І және ІІ дәрежелі орындарға ие болып алғыс хаттармен марапатталдым. Қоғамдық іс- шараларға да белсене қатысып отырдым. Аудандық білім бөлімінен және Аудан әкімінен алғыс хатпен марапатқа ие болдым.

Тәрбиеші:

Әкімгерейқызы Венера